



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№35

(815)

18 қыркүйек

2020 жыл



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

КЕСЕЛ



ДИПЛОМ «САУДАСЫ» немесе цехтан «шыққан» білім білім бола ма?

Бұрынғылар оқу мен білімді «инемен құдық қазғандай» деуші еді. Қазіргілер білімді инемен емес, күреппен қазсалады. Бес жыл көз майын тауыспай диплом алып шығатын, бірнеше мың доллар төлеп бір университеттің түлегі болатындар бар. Қазір қоғамда қолында дипломы бар, бірақ қауашағында қауын жаратын зердесі жоқ жастар көбейіп барады.

Біз бұған дейін диплом басып шығаратын жоғары оқу орындары туралы талай мәрте жазып, талай мәрте айтқанбыз. Енді солардың біразы лицензияларынан айырыла бастапты. Білім және ғылым министрлігі 25 жоғары оқу орнының 60 лицензиясын қайтарып алды. Министрліктің баспасөз қызметі таратқан хабарламада: «БҒМ білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті 25 жоғары оқу орнының кадрларды дайындау бағыттары бойынша 60

лицензиясын қайтарып алды. Бұл оқу орындары «Педагогикалық ғылымдар», «Өнер», «Гуманитарлық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары», «Техника ғылымдары», «Қызмет көрсету» және «Әлеуметтік жұмыс», «Әлеуметтік ғылымдар» бағыттары бойынша кадр даярлауды жүзеге асырды» делінген.

Жүргізілген тексеру жоғары оқу орындарының нормативтік-құқықтық актілерді сақтамағанын анықтады. Түрлі олқылыққа жол берілген.

(Жалғасы 3-бетте)

АЛАЯҚТЫҚ

ЖАЛҒАН ҚЫЗМЕТТІҢ ЖОЛЫ КЕСІЛДІ

Шымкентте емдейміз деп аңқау жұрттың ақшасын алып келген жалған емдеу орындарының басшылары сот үкімімен тиісті жазасын алды. Тұрғындарға «ғажайып ем» ұсынғандар қызметі үшін қомақты қаржы сұраған көрінеді.



Емдеу ақысына ақша таппағандар кредитке жүгінген. Astana TV хабарлағандай, жекеменшік клиникада науқастарға тиісті емнің орнына —

үш сыбайласы 5-6,5 жылды арқалады.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

массаж, мануалды терапия, инемен емдеу сынды қызметтер көрсетіліпті. Шаһар тұрғыны Пернегүл Әбденованың айтуынша, омыртқа жарығын емдеп береміз деген клиникаға алғашында қатты қуаныпты. Ол: «Менің ауруымды емдеп береміз дегендеріне сеніп қалдым. Апталап массаж алып жүрдім. Одан артық ем-дом көрсетпеді. Қазір бір жылдан асты, несиені төлеп жүрмін», — дейді.

Пернегүл сияқты жалған клиникаға алданғандар қатары көп. 2017-2019 жылдар аралығында жұмыс істеген жалған клиника аңқау жұрттан 125 миллион теңге пайда көрген. Тоғыз айға созылған тергеу ісіне бүгінде нүкте қойылды. Клиниканың жұмысын дөңгелеткен Ресей азаматы Алексей Гончаров 10 жылға бас бостандығынан айырылды. Ал қасындағы

ЕРКІН ӘНГІМЕ

Соңғы жылдары бүкіл дүниежүзі халқының ауыл шаруашылығы өнімдеріне тәуелділігі артып келеді. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев та биылғы Жолдауында осындай ой айтты. Еліміз мал өсіруге де, егін егуге де қолайлы. Алайда неге барды ұқсата алмай отырмыз? Нәліктен шетелден ет пен сүт өнімдерін сатып аламыз? Астықтың отаны бола тұра, неге ұн қымбат? Жастар неге ауылда еңбек еткісі келмейді? Осы және өзге де сауалдарды ғалым, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты Серғалы Мырзақұловқа қойған өдік.

Серғалы МЫРЗАҚҰЛОВ:

АСЫЛ ТҰҚЫМ АЗЫП БАРАДЫ



Jas qazaq: Бізде «Дипломмен — ауылға» дейтін тәп-тәуір бағдарлама бар. Оқу орнын бітірген жас маман ауылға барғанда жұмыспен, баспанамен қамтылуы тиіс. Бірақ, естүімізше, зоотехник, мал дәрігері, агроном сияқты мамандар осы бағдарламаның игілігін көре алмай жатқан көрінеді. Осы рас па?

С.Мырзақұлов: «Дипломмен — ауылға» бағдарламасы бойынша, ауылға білім беру, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет және агроөнеркәсіптік кешенінде маман бара алады. Қазіргі күнде агроөнеркәсіптік кешен мамандарына барлық ауылдан сұраныс бола бермейді. Себебі мамандарға қажет болып отырған үлкен шаруашылықтар жоқ десе болады. Сол үшін ауыл шаруашылығы министрлігі барлық шаруашылықты реттеп, қандай және қанша маман керек екендігін анықтап, оқу бітірген мамандарды сол шаруашылықтарға жұктеп, жұмыспен қамтамасыз етіп отыруы қажет. Қазір ауылдағы шағын шаруашылықтар малды асылдандыру және өнімділігін арттыру бойынша мамандарды мүлдем пайдаланбай жатыр. Ауыл шаруашылығы министрлігі барлық шағын шаруашылықтарға мамандарды, яғни зоотехник, мал дәрігері, агроном, инженерлерді пайдалануды міндеттеуі керек.

Jas qazaq: Бұрын қойшы, малшы мәртебесі деген болушы еді. Озат шопандар ел-жер аралайтын. Қонды тұрмысын айтпағанда, құрметке ие болып, атақтан кенде қалмайтын. Қазір малшы болу неге қадірсіз кәсіпке айналды?

С.Мырзақұлов: Кеңес одағы кезінде Қазақстандағы ең мәртебелі жоғары оқу орны Алматыдағы мал-дәрігерлік институты еді. Барлық облыс, аудан әкімдерінің перзенттері осында оқып, зоотехник, мал дәрігері мамандықтарын алып, ауылдарына, аудандарына барып, совхоз директоры, колхоз председателі болып шыға келетін. Себебі бұл мамандықтарға жұмыс орны шексіз еді. Небір шопандар бар еді, 100 қойдан 120-150 қозыға дейін алып, «Социалистік Еңбек Ері» атағына ие болған, Съезге депутат болып сайланған. Ал қазір ауыл шаруашылығы маманы былай тұрсын, небір ерлігін көрсеткен азаматтар да еленбей жатыр ғой. Содан кейін кім қой баққысы келсін?

(Жалғасы 5-бетте)

ШЫҒЫН

МЕДИЦИНАДАҒЫ КӨЗБОЯУШЫЛЫҚ

(қаңтар-маусым, 2020 жыл)



Мемлекеттік медицина мекемелері	10411 оқиға	19,7 млн теңге
Жекеменшік медмекемелер	1196 оқиға	5,3 млн теңге
Атырау облысы	7102 оқиға	10,6 млн теңге
Маңғыстау облысы	237 оқиға	2,3 млн теңге
Алматы облысы	970 оқиға	2,2 млн теңге

Дереккөзі: Бас прокуратура



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
41,40

DOLLAR
426,46

EURO
506,59

РУБЛЬ
5,62

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Санақ пен санатта жоқсыңдар!



Арқада бүтіндей бір отбасы халық санағында жоқ болып шықты. Содан өздерінің бұл жалғанда бар екенін дәлелдей алмай жүр. Tengrinews.kz хабарлағандай, Қарағанды облысы Жезді ауылының тұрғындары Константин Ғарифуллин мен Қайыржан Нұрқенова он жылдан бері құжатын қалтына келтіре алмапты. Құзырлы мекемеге барса, «Сендер туралы мәлімет жоқ», — деп шығарып салады екен. Құжат жоқ. Содан тұрақты жұмысқа орналаса алмайды. Сондықтан отбасы анда-мұнда жалаңып жұмыс істеп жүр. Әкімдіктегілер де бұл отбасының мәселесінен хабардар. Бірақ ол кісілер туралы мәлімет сақталмаған деп қол қусырып отыр.

ӨЗЕКТІ

Отандық ауыл шаруашылығының мол мүмкіндігі мен ішкі резервтерді толық пайдаланып, негізсіз инфляцияға жол бермеуге болады. Осы аптада Үкімет тұрғындарды алаңдатып отырған бағаны бақылауда ұстап отыру мәселесіне назар аударды.

Премьер-Министр Асқар Мәминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында әлеуметтік маңызы бар тауарларға бағаны реттеу және азық-түлікпен қамтамасыз ету жайы талқыланды. premierminister.kz сайты хабарлағандай, бағаға мониторинг жүргізу және қабылданған шаралар туралы

импортқа тәуелділікті азайту үшін жұмыс істеп жатырмыз. Бағаны қымбаттатуға ешбір себеп жоқ. Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың барлық түрлері бойынша бағаның тұрақтылығына қатаң бақылау қамтамасыз етіледі», — деді.

Үкімет басшысы ауыл шаруашылығы министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, сыртқы жағдайға және азық-түлік қорының жеткілікті болуы мен әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасының тұрақтылығына мониторингті жалғастыруды, «қайтарымды схема» арқылы сауда желілеріне жеңілдікті қарыз беруді кеңейту, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін форвардтық сатып алу практикасы мәселелерін пысықтауды тапсырды.

гектарға ұлғайды. 18 млн тонна астық дақылдарын жинау жоспарлануда. Осының өзі ішкі нарықты қамтамасыз етуге және экспорттық әлеуетті іске асыруға жеткілікті. Бұған қоса, майлы дақылдардың жалпы көлемі 2,6 млн тонна болады деп күтілуде. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 100 мың тоннаға артық. Сондай-ақ картоп 4 млн тоннаға, ал өзге көкөніс өндіру көлемі 6,8 млн тоннаға дейін ұлғайтылады. Министр қолға алынып жатқан шараларға тоқтала келе: «Азық-түлік тауарларын өндірудің қосымша көлемінің өсуін қамтамасыз ету үшін жыл соңына дейін бірқатар жана инвестициялық жоба енгізіледі. Мысалы, жыл соңына дейін құс еті өндірісі 75 мың тоннаға көбейеді. Бұл 8 жана құс фабрикасын жылдың аяғына дейін

БАҒАНЫ ҚЫМБАТТАТУҒА ЕШБІР СЕБЕП ЖОҚ

сауда және интеграция министрі Бакыт Сұлтанов, азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров, өңірлердегі ахуал туралы Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықпаев, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов баяндады.

Биылғы қалыптасқан жағдайда Үкімет пен әкімдіктер өнім өндіруді, сақтауды және барлық өңірлерге жеткізуді қамтамасыз ету бойынша шаралар кешенін қабылдады. Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың шекті бағасы белгіленді. Бағаны тежеу міндеттемесімен «қайтарымды схема» арқылы сауда желілеріне жеңілдікті қарыз беру тәжірибесі кеңейтілді. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілді. Атап айтқанда, форвардтық сатып алу механизмі енгізіліп, 24,5 млрд теңге бөлінді. 516,9 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу үшін 159 осы саладағы тауар өндіруші іріктелді.

Қабылданған шаралар әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын 4,4% деңгейінде тұрақтандырды. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен екі есе аз (8,7%). Үкімет басшысы бағаны тұрақтандыру бойынша Алматы қаласын мысалға келтірді. Мұнда «қайтарымды схема» үшін жедел түрде қаражат бөлу қолға алынды. Бұл тұрақтандыру қорларын дер кезінде толықтыруға, сатып алынатын әлеуметтік маңызы бар тауарлардың тізімін кеңейтуге мүмкіндік берді. Асқар Мәмин бұл мәселеге орай, «Әкімдіктер алдын алу шараларын дер кезінде қабылдаса, бағаның тұрақтылығы мен оны тежеу қамтамасыз етіледі. Біз



Сондай-ақ ауыл шаруашылығы министрлігі мен өңірлер әкімдерінің назарын өзімізде өндірілетін азық-түліктің, әсіресе, картоп, ұн, сәбіз және қарақұмық жармасының бағасын өсіруге жол бермеу қажеттігіне аударды. Үкімет басшысы «Азық-түліктің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету қазақстандықтардың тұрмыс сапасының басты факторларының бірі», — деп атап өтті.

Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров ішкі нарықты өсімдік шаруашылығы өнімдерімен толықтыру үшін суранысқа ие ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі 439,2 мың гектарға кеңейтілгенін хабарлады. Ауыл шаруашылығы дақылдарына тиесілі жалпы егіс аланы 22,7 млн

іске қосу есебінен қамтамасыз етіледі. Олардың екеуі іске қосылды», — деді.

Сонымен қатар сүт өндірісі елауір артады. Жыл соңына дейін қосымша көлемі 112 мың тонна болатын 25 өнеркәсіптік тауарлық сүт фермасы іске қосылады. Қазір 6 инвестициялық жоба жүзеге асты. Жыл соңына дейін өндіріс қуаты 45 мың тонна болатын 3 жана ет комбинатын іске қосу жоспарланып отыр. Жамбыл облысында қант шығаратын жана зауыт салынады. Қант қызылшасы алкабы 20,5 мың гектарға дейін ұлғайтылды.

Үкімет отырысында ауыл шаруашылығындағы өзге де маңызды мәселелер талқыланды.

Талап ТІЛЕГЕН

1+3
Нұрлан НЫҒМАТУЛИН,
Мәжіліс төрағасы:

«Фонограммаға тыйым салу мәселесі өткір талқыланып келеді. Бұл тек депутаттармен емес, орындаушылармен бірге талқыға түскен еді. Өнер таза болғанда ғана шынайы. Өн тек жаңды дауыста орындалуы тиіс. Егер фонограммамен айтылса, алдын ала ескертілгені жөн. Фонограммамен берілген концерттің билетінде де айырмашылық болуы керек. Техникалық мүмкіндіктерді сылтау етпейік, нағыз талантты адам өнерін көрсетсін».

Ақтоты РАЙЫМҚҰЛОВА, *мәдениет және спорт министрі:*

«Өнердің шынайы болғанын мен де қолдаймын. Фонограммаға бірден тыйым сала алмаймыз. Өйткені кейбір жерлерде жанды дауыста өн айтуға техникалық мүмкіндіктер жоқ. Алдағы уақытта фонограммамен қойылатын концерттер халыққа алдын ала ескертілетін болады. Бұл көрерменге фонограммамен өтетін концертке билет сатып алу немесе одан бас тартуды таңдауына мүмкіндік береді».



Абай ТАСБОЛАТОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Шалқар» және «Қазақ радиосынан» күй ойнатқан кезде оның атауы аталмайды. Бір минут болса да күй кімдікі екенін, оның шығу тарихы туралы айту керек қой. Бұл туралы бірнеше рет бастықтарына да айттым және айтып жүрмін. Бірақ бұл талап өлі орындалар емес. Дәстүрлі өндерді бұзып орындайтын әншілер бар. Осыған да шара қолдану керек деп ойлаймын»

Аптаның айтары

Артур ПЛАТОНОВ,
Мәжіліс депутаты:



«Мемлекет басшысының бастамасы ең әуелі тұрғындарға әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталды. Сондықтан зейнетақы жинағын пайдалануға қатысты айрықша шарттарды қарастыру қажет. Зейнетақы жинағынан алынатын қаржыға салынатын салық мемлекеттің экономикалық мәселелерін шеше қоймайды. Есесіне мұқтаж жандардың тұрғын үй сатып алуына немесе емделуіне айтарлықтай көмек болар еді».

ШЕТЕЛДЕН ЕЛІМІЗГЕ АУДАРЫЛҒАН ҚАРЖЫ
(қаңтар-шілде)

ЕЛДЕР	2019 (млрд теңге)	2020 (млрд теңге)
Ресей	83,6	43,6
Оңтүстік Корея	37,8	30,3
Қырғызстан	15,8	18,0
Өзбекстан	17,2	15,3
АҚШ	10,2	11,5
Германия	6,9	8,0
Түркия	4,7	4,6

*Дереккөзі:
Ұлттық банк*

Әлеумет.t⁰



ӘНШІ, ӘДЕПТЕН ОЗБА!

Қайбір жылы қазақтың бұлбұл әншісі Бибігүл Төлегеновадан сұхбат алатын болып, үйіне бардык. Алдын ала келіскенбіз. Уәделі уақытта есіктің қонырауын бастық. Қызы көтерді. Апамыз дайындалып жатыр екен. Біз қонақ бөлмеде күтіп отырмыз. Он бес — жиырма минуттан кейін шықты. Сахнаға дайындалғандай жарқырап алған. Үстіндегі киімі, шашы, жүзі бәрі өзіміз теледидардан көріп жүргендей тап-таза, ретті. Бізбен амандасып жатып: «Айналайын балапандар, күтіп қалдыңдар ма? Айып етпендер! Апаларын реттеліп шыққанша осындай болады» — деп кешірім сұрап, орнына жайғасты.

— Бибігүл апа, сонша несіне әуре боласыз? Үйдегі киіміңізбен отыра бермедіңіз бе? Біз сұхбат аламыз да кетеміз ғой — деп, жатырмын. Сонда күміс көмей әнші: «Әй, балам, сендер Бибігүл Төлегенованы сахнадан қалай көріп жүрсіндер? Солай болып қалуым керек. Халыққа үйінде халат киіп, оттың басында, бала-шағасының қасында жүрген Бибігүл керек емес. Халыққа мінсіз, мүлтіксіз әнші Бибігүл керек. Халықтан ешкім үлкен емес, кара орман елімнің алдында мен қашан да кішімін. Сондықтан қашан да бойымды жинап, өзімді реттеп, «Халық әртісі» деген атыма сай жарқырап жүруім керек. Солай болып қаламын. Бұл — мәдениет, бұл — әдеп. Сендер бүгін апаларыңнан сол әдепті үйреніп қайтыңдар!» — деген еді.

Аңыз адамның сол бір ауыз сөзі бүгінгі әнші мен әртістен сұхбат алған сайын ылғи есіме түсе береді. Мұны неге айтып отырмыз? Осы аптада әнші әдебі, киім киюі, сөйлеу мәдениеті, сахнадағы өзін ұстауы, фонограмма туралы заң парламентте талқыланды. Мәжіліс мақұлдаған құжатта әнші-әртістерге қатысты біраз мәселе сөз болды. Сонымен, бұдан былай әнші концерт беретін кезде жарнамаға әнді фонограммамен айта ма, әлде жанды дауыста сала ма? Соны анық көрсетеді. Билет бағасы да соған сай белгіленеді. Тыңдаушылар жанды дауысты тыңдауға бара ма, әлде фонограммамен өздерін алдай ма? Ол жағын өзі шешеді. Бұл бұған дейін талай айтылып, жазылған тақырып. Дегенмен, ештен кеш жақсы.

Көрші Өзбекстан мен Әзірбайжан, Қытай мен Түркіменстанда фонограммамен ән айтуға тыйым салынған. Ал АҚШ-та фонограммамен концерт беріп ұсталса, әртіс алаяқтық бабы бойынша жауапқа тартылады. Батыс елдерінде өнердегі бұл тәртіп әлдеқашан жолға қойылған. Ол жақта әнші «көзбояушылықпен» айналыса алмайды. Фонограммамен ән салу — олар үшін қылмыс қана емес, әлсіздік, дарынсыз өнерпаздың әрекеті. Біз фонограмманы заңмен шектемесек, сахнада аузын жыбырлатып әнші атанып жүргендер айылын ешқашан жимайды. Бұл — бір. Екінші — әншілердің сахна мәдениеті заңмен бекітілді. Сахнаға арақ ішіп, есірткіге елітіп шығуға тыйым салу көзделген. Ащы суға тойып, көпшіліктің алдын шығып, сахнада аузына келгенді айтып, маскара болып жататындар бар. Мұның кімдерге құлаққағыс екенін өздері білер.

Сахна — киелі. Бірақ біздің кейбір жердегі «жұлдыздарымыз» киімге аса мән бермейді. Көптің алдына жүнін жұлған тауықтай шыға береді. Эфирде де сондай кейіпте. Бұл бір жағынан өзін сыйламау болса, екіншіден, көрерменді құрметтемеу. Өнерде жүргендердің ішінде екі сөздің басын құрап сөйлей алмайтын, қарапайым таным мен түсінікнен мақұрым жандар да кездеседі. Тере берсек, кемшілік көп. Ал өнер адамы мінсіз болуға тиіс. Яғни таланты тастай, еңбеккор, киімі көркем, мінезі жібектей, әдебі әдемі, мәдениетті, өресі биік болу керек. Жана заң осының бәрін ретке келтірсе, қанеки?!

Жарас КЕМЕЛЖАН



Аптаның ұсынысы

Зағипа БАЛИЕВА,
Мәжіліс депутаты:



«Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, пневмококқа қарсы екпе міндетті болып саналатын көп мемлекетте сырықатқа шалдығу көрсеткіші төмен. Қазір бәріміз коронавирустан қорқамыз. Әйтсе де, өлем бойынша пневмониямен ауырғандардың тек 4-5 пайызынан COVID табылды. Қалған 95 пайыздың себебі — пневмококк. Сондықтан бізде де 65 жастан асқандарға екпе жасау керек. Сондай-ақ жасы 19-дан асқан диабет, өкпе, бауыр, бүйректің созымалы ауруына шаддықандар да қамтылғаны жөн. Бұл әлеуметтік сақтандыру қоры есебінен жүргізілгені дұрыс».

САҢДАР СӨЙЛЕЙДІ



17 мың адамды сазға отырғызып кеткен «Garant 24» , «ESTATE» және «Выгодный займ» ломбардтарынан 2 млрд теңгенің мүлкі тәркіленді.

Кесел (Басы 1-бетте)

Мәселен, диплом қағазының нақты есебі болмаған, талапкерлерді қабылдау, профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) біліктілігін

алушыларды қорытынды аттестаттау, диплом бланкілерін есепке алу және тағы басқа кемшіліктерге жол берілген. Мұндай оқу орындарын Мемлекет басшысы «Диплом басып шағаратын университеттер» деген болатын. Бәсекеге қабілетсіз мамандарды осындай оқу орындары қолдан жасап

университеттер туралы жазып жатсақ, Көкшеде көк қағазға көк дипломды бұрқыратып сатып жатыпты. Сорақы демеі не дейсін? Ақмола облыстық Полиция департаменті баспасөз қызметінің жетекшісі Гүлнәр Пинчук «41 жастағы ер адам

орта арнаулы және жоғары білім дипломдарын, жеке куәліктер мен төлқұжаттарды, Ресей Федерациясының автокөліктеріне техникалық төлқұжат пен техникалық байқау құжатын, сондай-ақ автокөлік жүргізу куәлігінен айырылғандарға жүргізуші куәлігін жасаған. Цехты тінту кезінде ноутбук, қолдан жасалған мөр, принтер мен ламинатор, ұялы телефон мен флеш-карта сияқты әртүрлі құрал-жабдық табылып, тәркіленді», — деді.

Әлгі азаматқа аталған іс бойынша Қылмыстық кодекстің 385-бабының 2-тармағы бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары басталған. Күдікті 2004 жылы дәл осы бап бойынша жауапкершілікке тартылыпты.

Біз жазған алдыңғы оқиға болсын, мейлі соңғысы болсын, кай-қайсысы да ұрпақты сауатсыз, ұлтты мәнгүрт ететін әрекет. Қылмыстың ауыр-жеңілі болмайды. Ал білім саласындағы олқылықтың ешқайсысын кешіруге келмейді.

Жарас КЕМЕЛЖАН

оқиғаға байланысты ішкі істер министрлігінің ресми өкілі Нұрділде Ораз бізге мынадай ақпарат берді: «Бұл азамат әлеуметтік желі арқылы заңсыз әрекеттерге үндейтінін видео жариялаған. Бұл тікелей заңбузушылық және мұндай әрекеттерге қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Ішкі істер министрлігі азаматтарды жалған ақпаратты

таратпауға және тек мемлекеттік органдардың ресми дерек көзіне сенуге шақырады».

Дегенмен, жекпе-жек шеберінің әнтек әрекетіне кешіріммен қарау керек дейтіндер де бар. Олар мұндай жағдай әркімнің де басында болуы мүмкін екенін, сын сағатта батырдың сағын сындырмай, қайта қолдап, демеу қажеттігін айтып жатыр. Әсіресе, Мұхамеджан Тазабектің Фейсбук парақшасындағы жазбасы жұртты түсіністікпен қарауға шақырғандай. Ақын ағамыз былай дейді: «Жалпы, Қуат Хамитов батырмызды әжуалап, сыртынан әр нәрсе жазып қажет емес. Қашаннан батырдың бір сипаты сол — әрекетінің артын ойламау. Артын ойлап, «басыма соққы тисе не болам», деген жгіт рингке шықпайды. «Жауымнан жаракат алам ба» деген батыр майданға бармайды. Батырдың негізгі қасиеті сол — ренжітпін бе ашуланады, қарсы

шықтың ба ұмтылады, қорладың ба құлатады. Мәселе, батырды басып отыратын, байыптылыққа шақырып бағыт сілтеп отыратын, ойына ой қосып, сабырын ұйытып отыратын ағаның жоқтығында. Батыр да бір — қанжар ғой. Жүзінен ұстасаң қолыңды кеседі, сабынан ұстасаң қажетіңе жарайды».

Қалай дегенмен, істің ақырын күтеміз. Өйткені, іле-шала Инстаграмда жазбасын жариялаған Қуат Хамит қарағанда, қуырдақтың көкесі әлі алда сияқты. Соңғы бір жарым жылда жекпе-жек өткізбеген, әртүрлі оқыс пікірмен ел аузында жүрген Хамитовтың осы қылығы хайп па, әлде айып па? Ол жағы тек өзіне ғана мәлім секілді.

Аскарбек ҚАЗАНҒАП,
журналист

ДИПЛОМ «САУДАСЫ» НЕМЕСЕ ЦЕХТАН «ШЫҚҚАН» БІЛІМ БІЛІМ БОЛА МА?



арттыру, профессор-оқытушылар құрамын конкурс арқылы алмастыру, профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін жоспарлау, білім

шығарып жатса, кейбір алаяқтар диплом басатын цех ашып алыпты. «Бір апам бір апамнан сорақы» деген осы. Біз мына жақта біліксіз кадр дайындайтын

Өре

Карантин кезінде талай дақпыртты естідік. Әлеуметтік желіде дегбірі қашып, даурыққанды байқадық. «Бізді аспаннан ұлап жатыр, коронавирусты өдейі таратуда» деп өтірікті судай сапырып, жұрт арасында туғызуға

тырысқандарды да көрдік. Сорақысы сол, кейде көптің құрметіне бөленіп жүрген азаматтар да сондай, шындыққа жанаспайтын сөз бен пікірге ерік береді.

ОСЫНДАЙ ҚАЛЖЫҢ БОЛА МА?



Апта басында жекпе-жек шебері, «Найман» лақап атымен танымал Қуат Хамитов Алматыда қамауға алынды» деген хабар ақпарат кеністігінде желдей есті. «ММА файтері бұл жолы не бүлдірді екен» деген оймен инстаграм парақшасына кірдім. Соңғы үндеуіне құлақ салсам, екпінді дауыспен көпшілікті көше мен үйлерде дезинфекция жасайтындарды ұрып, сабауға шақырыпты. Одан бөлек, көкте ұшқан тікұшақ көрсе, атқыласын деп көсіліпті батырымыз. «Соғыста жүргендейміз» деген сынайда көрінбейтін кеселмен күрестің алдыңғы шебінде дәрігермен қатар жүрген дезинфекторларға шүйлігеді.

Қуаттың мәлімдемесі жариялана салысымен қоғамда қызу талқыға түсті. Бірі қолдаса, екіншісі бұлай елді арандатуға болмайды деген мазмұнда пікірін білдіріп жатты. Артынша сол түні тергеуде шақырылған Қуаттың видеосы жарияланды. Онда «Видео қалжың ретінде түсірілген. Мен ешкімді жаппай көтеріліске шақырмаймын» дейді ол. Солай десе де — айтылған сөз-атылған ок. Қалалық полиция департаменті Қылмыстық кодекстің 272-бабы бойынша іс қозғалғанын хабарлады. Қ.Хамитовтың камалғанына қапа жактаушылары ертеніне Алматыдағы полиция департаменті ғимараты маңына сағат 10-да жиналатынын Инстаграм, Телеграм-канал арқылы жария етті.

Айтылған уақытта біз де сол маңға бардық. Сағат тілі оннан өте тұр-пошымы спортшыға келінкірейтін 3-4 жігіт төбе көрсетті. Іштен шыққан полиция өкілі олардың тарауын, Қуаттың 10 минуттан кейін өзі тұратын қонақүйде болатынын жеткізді. Алып-ұшып, әлгі жігіттермен бірге біз де аталған қонақүйге жеттік. Шынында, айналдырған 10 минуттың ішінде Қуаттың өзі де келді. Ең қызығы, оны құзырлы

мекеменің өкілдері көлікпен кіреберіске дейін әкеліп тастады. Журналистерді көрген Қуат әңгімеге кірісе қойған жоқ. «Қазір шығамын» деп бөлмесіне кетті. Асықпай, жуынып-шайынып шыққасын тілшілермен тілдесуге келді. Кеше шу тудырған үндеуін полицейлерге қалжың деп айтқан еді. Ал бізге «Өз ойымда тұрамын» деді. Екі ұдай ойда қалдық. «Мен енді әрқашан өз айтқан ойымда тұрамын. Ешнәрсе өзгерген жоқ. Бірақ енді ешкімді атып, ұрудың керегі жоқ. Жаңағы ауылда айтылатын сөздер ғой. Бұрынғы заманда таяқпен, таспен ататын апаларымыз аталарымыз». Мақұл делік. Бұлай дейтіні бар екен, «Онда көпшілікті неге заңсыз әрекетке шақырдың? — деген сұраққа әзірге жауап беруді жөн көрмеді. «Қазір шаршап тұрмын. Кейін осы мәселеге

қатысты арнайы сұхбат беремін» деген уәдемен әңгімені жылы жапты. Ал елдің денсаулығын сақтаймын деп шапқылап жүрген дезинфектор қауымы үнсіз қалмады. Олар танымал спортшының өздеріне бұлай неліктен шүйліккенін түсінбей жүр. Дезинфекция менеджері Асылбек Адаханов «Біздің ұратындай не жаздық?» деген сұрағын көлденең тартады. Медицина қызметкері өз ойын былай орбінті: «Біздің жекііттерді мұндағы бар еңбегі халыққа қызметі ғана. Барлығы айбат жегііттер, ұру қажет емес оларды. Ұрудың да қажеті жоқ. Тек халық арасында түсінік қалыптасу керек. Мына (жасалынып жатқан) еңбектің бәрі халық үшін».

ММА файтері бір тәуліктен кейін бостандыққа шыққанмен, бұл дауға нүкте әлі қойылған жоқ. Қуаттың қалжына құзырлы мекеме бей-жай қарамайтын сияқты. Осы келенсіз

Сенім

БИЗНЕС ПЕН КӘСІПКЕР ҚОРҒАЛУЫ ТИІС

Бизнес пен инвестицияларды сыбайлас жемқорлық қысымынан және әкімшілік кедергілерден қорғау — елдің күн тәртібіндегі негізгі басымдықтарының бірі екені сөзсіз.

Ағымдағы жылдың 19 тамызында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңесте Мемлекет басшысы осы бағытты күшейтуге баса назар аударды.

Бұл мәселе жыл сайынғы Жолдауда да нақты айқындалды. Шағын және орта бизнес COVID-19 пандемиясы жағдайында қиын кезеңді бастан кешуде және бұрынғыдан да зор қолдауды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласу «мемлекетке қарсы ең ауыр қылмыс» ретінде қарастырылуы тиіс.

Шағын бизнес бойынша халықаралық кеңестің (ICSB) деректеріне сәйкес, ШОБ әлемдегі барлық кәсіпорындардың 90 пайыздан астамын құрап, шамамен халықты жалпы 70 пайызын жұмыспен қамтуды және ЖІӨ-нің 50 пайызын қамтамасыз етеді. Бұл тұрғыда азаматтардың әл-ауқаты жеке сектордағы істердің ахуалына тікелей байланысты екенін нақты түсіну қажет.

Бұл — салық түсімдері, жұмыс орындарын құру, жаңа технологиялар және адам капиталын дамыту. Бір сөзбен айтқанда, бизнес мемлекетке халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерді



орындауға көмектеседі. Біз бизнеске неғұрлым тиімді жағдай жасасақ, соғұрлым ол өнімді жұмыс істеп, қоғамға пайда әкеледі.

Агенттік соңғы үш жылда шенеуніктердің заңсыз араласуынан мыннан астам кәсіпкердің мүддесін қылмыстық-құқықтық шаралармен қорғады. Бұл жұмыс жалғасын табады. Сонымен қатар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің әрбір офицері бизнес ісіне араласу фактілеріне жол бермеу туралы жеке ескертілді.

2018 жылдан бастап біз сыртқы істер министрлігімен, «Kazakh Invest «ҰК» АҚ және «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, «Protecting business and investments» жобасын іске асырып келеміз. Қазіргі уақытта оған жаңа серпін берілді.

Негізгі мақсат — бизнес пен инвесторлардың қызмет үдерістерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы сүйемелдеу арқылы олардың мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру.

Бұл кәсіпкерлердің алдынан шыққан мәселелерді шешуде құқықтық алаң аясында көмек көрсету дегенді білдіреді. Өкінішке қарай, олар көп жағдайда бюрократиялық кедергілер мен қағазбастылықты бастан кешіріп, «кабинет аралауға» мәжбүр. Алайда олар жалғыз күресуге тиісті емес.

Бүгінгі таңда біздің аумақтық департаменттеріміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы сүйемелдеуімен жалпы инвестиция сомасы 12 трлн теңгеден асатын 500-ден астам бизнес-жоба жүзеге асырылуда.

Жобалардың 20 пайызы шетелдік инвесторлардың салымы. Олардың көбі Қытай, Ресей, Германия және Түркия елдерінен. БАӘ, АҚШ, Польша, Нидерландтар және басқа да елдердің бизнесмендерінің қатысуын атап өткім келеді. Іс жүзінде әрбір екінші жоба — өңдеу өнеркәсібі саласында, әрбір бесінші жоба — ауыл шаруашылығында іске асуда.

Біз ілеспе бизнес жүгінетін түйіктің мәселелерді зерттедік. Олар негізінен инвесторлық виза, лицензия, салық салу, кедендік баж, жоспардан тыс тексерулер және жер қатынастарына қатысты.

Сонымен қатар бизнеспен жұмыс «бір қақпаның ойыны» болмауы керек. Кәсіпкерлердің өздері мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл кезінде заңсыз іс-әрекеттердің бастамашысы болатын жағдайлар жиі кездеседі.

Агенттіктің бизнес-жобаны сыбайлас жемқорлыққа қарсы сүйемелдеуінің негізгі шарты — шетелдік, сондай-ақ отандық инвестор бірдей шартта адал бизнес жүргізуге міндеттенетін келісімге қосылу.

Бұл бағытта кәсіпкерлердің санасын өзгерту маңызды. Істі жүргізу кезінде парасаттылық берік стандартқа айналуы қажет. Бұған халықаралық ұйымдардың бірқатар ұсынымдары, атап айтқанда, «Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы бизнестің парасаттылығы» және «Бизнесті жауапты жүргізу» атты ЭЫДҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары мен зерттеулері дәлел бола алады.

Бұл үдеріс квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын толыққанды енгізумен айтарлықтай жанданады. Тиісті заң жобасын Мәжіліс және бірінші оқылымда Сенат мақұлдады.

Егер сіздің бизнес-жобаныз іскерлік парасаттылық қағидаттарын сақтай отырып жұмыс істеуге дайын болса, біз өз тарапымыздан сізді қолдап, сыбайлас жемқорлық көріністері мен әкімшілік тосқауылдардан қорғауға дайынбыз.

Егер сіздің антикор-сүйемелдеуге өтінім беру және келісімге қосылу туралы сұрақтарыңыз болса, +7 (707) 350-63-07 және +7 (701) 575-40-37 (WhatsApp) телефондары бойынша жобалық кеңсенің үйлестірушілеріне жүгіне аласыз.

Олар агенттіктің аумақтық департаменттері жанындағы «Antikor Ortalygu» сервистік орталығында Антикор мен өңірлік кәсіпкерлер палатасының қызметкерлерімен кездесуіңізді қамтамасыз етеді.

Алик ШПЕКБАЕВ,
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

MEGAPOLIS

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында кәсіпкерлікті қолдауға кеңінен тоқталды. Президент: «Қазір әлем соңғы 100 жыл ішінде болмаған аса күрделі дағдарысты бастан өткеруде. Сарапшылардың айтуынша, жаһандық экономиканы қайта қалпына келтіру үшін кемінде 5 жылға дейін уақыт қажет. Дәйтұрғанмен, болашақта көш бастайтын мемлекеттердің бәсекеге түсу қабілеті дәл осындай дағдарыстар мен іргелі өзгерістер кезінде шыңдалады. Қазақстан жаңа әлемде өзінің лайықты орнын алуға тиіс», – деді.

Еліміздің үшінші мегаполисіндегі кәсіпкерлік саланың едәуір ілгері екендігін мойындау керек. Осындай суреткер жазушы Әбіш Кекілбаев атамыздың «Өнтүстік аман болсын! Бәріміз жабылып Шымкенттің етегінен ұстайық, жағаға өзі алып шығады» деген сөзі еріксіз ойға оралады.

Шымкентте 6 мыңнан аса жұмыс орнын құрайтын 125,6 млрд тенгеге 124 жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде 69,1 млрд тенгеге 81 жоба іске қосылып, бүгінде 4 мыңнан аса жұмыс орны ашылды. Шымкент қаласы кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы басшысы Береке Дүйсебеков Шымшаһар кәсіпкерлеріне қолдау көптеп көрсетіліп жатқанын айтады. Басқарма басшысы: «Мәселен, 200 гектар аумақта «Өнтүстік» арнайы экономикалық аймағы табысты жұмыс істеуде. Аймақта 3 мыңнан аса жұмыс орнын құрайтын 90,1 млрд тенгеге 42 жоба іске асырылуда. Бүгінгі таңда 30,8 млрд тенгеге 17 жоба іске қосылып, 1,5 мың жана жұмыс орны ашылды», – деді.

Мысалы, 6 шілде – Елорда күні қарсаңында 9 инвестициялық жоба іске қосылғанын дүйім ел біледі.

Рас, коронадағдарыс пен карантин көптеген өнеркәсіп ошақтарына кері әсерін тигізді. «Өнтүстік» арнайы экономикалық аймағындағы

Айта кетейік, Шымкент қаласында әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында, биылғы ақпан айында басқару жүйесін онтайландыруға арналған жобалық кеңсе құрылған болатын. Бұл жұмыс Мемлекет басшысының жыл соңына дейін экономикалық өсімді қалпына келтіру жөніндегі тапсырмасын орындау үшін қолға алынған.

Қала басшысы аталған жобалық кеңсенің негізгі көрсеткіштер

орындалуы тұрғысынан ең үздік үш және ең нашар үш басқарманың тізімін беруді тапсырған болатын. Тиісінше, ең нашар басқарма басшыларына қатысты шаралар қабылданбақ.

«ЖҰЛДЫЗ» – ЖАҢА ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚ

Президенттің өңдеу өнеркәсібін дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, Шымкент қаласында жалпы аумағы 306 гектарды құрайтын



КӘСІПКЕРЛІККЕ ӨРІС КЕҢ

мониторингін (KPI) автоматтандыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін онлайн-форматтағы құрал әзірленгенін атап өтті. Бұл құрал жоспарлы және

нақты көрсеткіштерді салыстыруға және нәтижеге қол жеткізуге әрбір жобаның тигізген әсерін бағалауға мүмкіндік туғызды.

М.Әйтемов: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында мемлекеттік басқарудағы реформаның оңтайлы шешімін

«Жұлдыз» индустриалды аймағы құрылып жатыр.

Бүгінгі таңда индустриалды аймақтың техникалық-экономикалық негіздемесі әзірлену үстінде. Бірінші кезеңде 2020-2021 жылдар аралығында 110 гектар, екінші кезеңде 2021-2022 жылдары 230 гектар жер игеріледі.

Жалпы бұл индустриалды аймаққа 105 млрд тенге көлемінде инвестиция тартылады. Ол толық іске қосылғанда 8 000 адам жұмыспен қамтылмақ.

Сондай-ақ мұнда кезең-кезеңімен 60 жоба жүзеге асырылады деп күтілуде. Жобалар негізінен құрылыс материалдары, металлургия, фармацевтика және жиһаз өнеркәсібіне бағытталған. Атап айтқанда, индустриалды аймақта трансформатор, полиэтилен құбыры, жылытқышпап, пенопласт, пеноплекс өндіретін өндіріс компаниялары орналасады деп жоспарланып отыр.

ЖЫЛЫЖАЙ КӨБЕЙСІН!

«Жұлдыздан» бөлек Шымкент қаласындағы «Тепличный рай»



кәсіпорындардың қуаты 2 есеге дейін қысқарған. Алайда жалпы есеппен алғанда, өндіріс көлемі азаймапты. Қайта өсім байқалады. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, биылғы бірінші жарты жылдықтағы көрсеткіш 2 пайызға көбейген. Кейбір кәсіпорындардың өндіріс қуаты артыпты.

«Өнтүстік» арнайы экономикалық аймақ басқарушы компаниясының басқарма төрағасының орынбасары Ерболат Сариев: «Бізге көбіне тұрмысқа қажетті тоқыма және тігін өнеркәсібінің өндірісімен айналысатын кәсіпорындар. Олар өз өнімін өткізетін сауда орындары мен нүктелері жабық болғандықтан, өндірісін уақытша тоқтатуға немесе азайтуға мәжбүр болды. «Өнтүстік» арнайы экономикалық аймағында орналасқан кәсіпорындардың 80 пайызы іске қосылды. Қалған 20 пайызы жақын күндері жұмысын бастайды», – дейді.

«ЖҰМЫСТЫҢ НӘТИЖЕСІ МАҢЫЗДЫ»

Қала әкімі Мұрат Әйтемов: «Шымкент қаласының даму бағдарламасы» аясында Жобалық кеңсенің Басқарушы кеңес отырысында басшылардың жобаларды жүзеге асыруға байланысты жеке жауапкершілігін арттыру мәселесін назарға алды. Ол үшін Easy Project кросс-платформасының KPI ақпараттық-тақтасында көрсеткіштер мен жобаларды жанарту және толықтыру жұмыстарының уақытылы әрі сапалы орындалуын қадағалау керектігі сөз болды.

айтты. Президент бірінші орынға мемлекеттік басқару, кадр саясаты, шешім қабылдау жүйесі және олардың орындалуы үшін жауапкершілік тәсілдерін өзгерту міндетін қойды. Әкімдік жұмысын жобалық басқару әдістерімен жүргізуге, іске асыруға барынша мүмкіндік беруде. Ал біз жана басқару жүйесін енгізудің дайындық кезеңін аяқтадық. Әкімдік басқармаларының басшылары мен негізгі қызметкерлері ақпараттық жүйеде жұмыс істеуге үйретілген және практикалық дағдыларға ие», – деді.

Шаһар басшысы апта сайын басқарма басшыларымен бірге KPI-мониторды қадағалау және жоспарлы көрсеткіштердің орындалмау қаупі бар басқармалармен жұмыс істеп, нақты жобалардағы мәселелерді анықтап, оларды шешуге көмек көрсетіп келеді. М.Дүйсенбекұлы «Президент нәтиже процесстен гөрі маңызды болуы керек екенін атап өтті. Бізге жобалардың санын көбейтуге ғана жарайтын жобалар қажет емес. Жобалардың саны емес, жұмыстың нәтижесі маңызды» деп жобалық кеңсенің басшысы Асқар Сүлейменовке Басқарушы кеңестің әрбір отырысына жоспарлы көрсеткіштердің нақты

Agro» ЖШС секілді инвесторлар жүзеге асырады.

Ал 2-кезеңде 2022-2025 жылдар аралығында 60 гектарға өнеркәсіптік жылыжай кешенінің құрылысы жүргізіледі. Онда 20 жоба жүзеге асырылатын болады. Жобаның жалпы құны – 21,0 млрд тенге.



Аталған жылыжай кешендері толығымен іске қосылғанда, бір

INVEST ҰҚ» АҚ, «Өнтүстік» АЭА қолдауымен жүзеге асырылуда. Сыртқы істер министрінің орынбасары Алмас Айдаров нысанды іске қосу барысында «Қазақстан Тәуелсіздік жылдарында экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, бәсекелестік жағдайлары мен тиімді эко-жүйесі

бар қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастырды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы мен Түркия арасында табысты да жоғары деңгейдегі әріптестік қарым-қатынас қалыптасты.

Быттыр Қазақстан мен Түркия арасындағы өзара сауданың 3,1 миллиард долларға өсуі екі ел арасындағы сауда-инвестициялық ынтымақтастықты дамытудың жоғары қарқынының дәлелі. Сонымен қатар соңғы үш жылда тауар айналымы \$6,9 млрд жетті», – деп атап өтті.

Қазақстан Республикасының Түркиядағы Төтенше және Өкілетті елшісі Абзал Сапарбекұлы түрік инвесторларының жоғары қызығушылығын атап өтті. А.Сапарбекұлы: «Бауырлас Түркия Қазақстанның Тәуелсіздігін таныған алғашқы мемлекет. Жаһандық коронавирус пандемиясының халықаралық экономикалық қарым-қатынастар мен шетелдік инвесторларды тартуға барынша кедергі көрсеткендігіне қарамастан, құрылған инвестицияларды тартудың сыртқы, орталық және аймақтық үш деңгейлі жүйесі мен ортақ келісілген әрекеттер арқасында бұл бастама бүгінде сәтті жүзеге асырылды. Бұл осымен «Өнтүстік» арнайы экономикалық аймағында ашылып отырған үшінші түркиялық инвестициялық жоба болғандығын атап өтеміз. Бұдан алдын түркиялық инвесторлар «Өнтүстік» АЭА кілем мен аяқ киім өндірісін құрған болатын», – деді.

Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтемов өз кезегінде қалада қолайлы инвестициялық ахуал жасау жұмыстары туралы айтып берді. Мұрат Әйтемов: «Шымкентте өнеркәсіптің дамуына барынша қолайлы жағдай жасалуда. Қазір 2 индустриалды, 1 сауда-логистикалық және бір арнайы экономикалық аймақ жұмыс істеп тұр. Онда жалпы құны 270 миллиард тенгені құрайтын 176 жоба жүзеге асуда. 10 мыңнан

астам тұрақты жұмыс орны ашылған. Таяу күндері агро-индустриалды аймақтың құрылысы басталды. Сондай-ақ, «Жұлдыз» индустриалды аймағын ашу да жоспарланып отыр», – деді.

Қазір Алматы, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды,



асыруда. Дайын өнімді ішкі нарықпен қатар, ЕАЭО және Орталық Азия елдеріне экспорттау жоспарлануда. Бірінші кезеңде жобаға шамамен 200 млн тенге инвестиция салынып, 40 жұмыс орны ашылды. Зауыттың жобалық қуаты жылына 160 000 орамнан астам майлық шығару.

«DALSAN (ДАЛСАН)» ЖШС фабрикасының өнімдері өндірістің барлық сатыларында сапаны тұрақты бақылауды қамтамасыз ете отырып, мемлекетаралық стандарттың барлық талаптарын сақтай отырып, қазіргі заманғы еуропалық мақсаттағы бұйымдар шығаратын бойынша өндіріледі. Бір реттік дымқыл майлықтар жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес шығарылады

және бактерияға қарсы әсері бар жұмсақ матадан жасалады. Өнімдер корпоративті клиенттер нарығында, дәріханаларда, клиникаларда және дүкендерде сатуға арналған. Екінші кезеңде түрік тарапы қосымша 3-4 млн доллар инвестиция құйып, гигиеналық мақсаттағы бұйымдар шығаратын зауыт салуды жоспарлап отыр. Мұнда әзірге 12 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Бұл ретте жанадан құрылатын жұмыс орнының санын 100-ге дейін арту көзделген.

Өндіріс «Өнтүстік» арнаулы экономикалық аймағында орналасқан. Жоба Қазақстан Республикасы сыртқы істер министрлігінің, Шымкент қаласы әкімдігінің, Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің, «KAZAKH

Павлодар, Түркістан, Жамбыл облыстарында, сондай-ақ Нұр-Сұлтан, Шымкент, Алматы қалаларында түрік кәсіпкерлерімен бірлескен 20 жоба іске асырылуда. Жобалар құрылыс және оны пайдалану, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру және қайта өңдеу, геологиялық барлау, медицина, жабдыктар өндірісі, тамақ өнеркәсібі саласында сәтті іске асырылуда.

Басқарма төрағасы Бауыржан Сартбаев: «Біз инвесторларға көрсетілетін қызметтердің тізімі бойынша 24/7 режимінде кез келген мәселеде серіктестер мен инвесторларға көмек көрсетуге, сондай-ақ инвестициялаудан кейінгі сервистік қолдау құралдарын ұсынуға дайынбыз», – деп атап өтті.

«Dalsan» (ДАЛСАН) ЖШС құрылтайшысы Халил Дал кәсіпорынынның жоспарымен бөлісті. Ол: «Бүгін біз арнаулы экономикалық аймақ аумағында жобаны іске қосамыз. Алдағы уақытта өндіріс қуатын арттырып, өткізу нарықтарын игеруге ниеттіміз. Біздің өнімдіміз бәсекеге қабілетті болатынына және халықтың осы өнімге деген қажеттілігін қамтамасыз ететініне сенімдіміз. Бүгінгі іске қосу жемісті бірлескен жұмыстың нәтижесі ғана емес, біз үшін ол біздің Қазақстанға келуіміздің өзіндік бастамасы болып табылады», – деді.

Осылайша, үшінші мегаполистері іске асырылған, қайта қосылған, жанадан ашылған жобаларға қарап, олардың жанданған тіршілігін көріп, «Шымкент коронадағдарыстан қиналмай шығады» деген ой түйдік.

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

Шағын кәсіпкерлік

Елімізде сатылатын алманың 50 пайызы сырттан келеді. Ішкі нарықты өзіміз қамту үшін алма бақтың санын көбейту керек. Осы орайда еліміздің үшінші мегаполисінде алма сғаштарын отырғызып, бақ көлемін ұлғайту бағытындағы жұмыс қарқынды жүріп жатыр.

Шымкентте 25 гектар аумақтың 15 гектарына бау еккен «Д-Сабыр» шаруа қожалығының басшысы Пәрмен Әлдебаев бізді өзі егіп, өсірген алма бағына бастап алып барды. Жол бойы бұл кәсіпке қалай келгенін айтып келеді. Ол 2006 жылдан бері осы салаға



кейін жылда сауын сиыр сияқты жемісін беріп тұрады.

Қызу әңгімелесіп шаруа қожалығына жеткенімізді де байқамай қалыппыз. Расында жиі-жиі егіліп, қаз-қатар тізілген бірыңғай алма көшеттері. Шетсіз-шексіз аумақ сияқты көрінеді екен. Бұлар былтыр ғана егіліпті. Биыл екінші жыл, ал интенсивті баудың қағидасына сәйкес, бұл бау келесі жылы, яғни үшінші жылға қарай жеміс береді.

25 гектар жер әу баста игерілмей құр жатқан. Пәрмен Әлдебайұлы серіктес інілерімен бірге осы жерге 100 миллион теңге (оның 4 млн 716 мың 34 теңгесі — мемлекеттік субсидия) инвестиция құйып, 2 шақырым жерден жарық тартып әкеліпті. Жарықты қосу үшін трансформатор сатып алған. Ал суды сол жерден бассейін қазып шығарыпты. Бауды да осы

АЛМА ӨСІРУДІҢ ҚЫР-СЫРЫ



қызығып, іздене бастапты. Ала шапанды ағайындарды «бағбанның бағбаны» деп білетін таптаурын көзқараспен Пәрмен ағамыз да Өзбекстан жағалап, бау егуді үйренудің жолдарын қарастырыпты. Ташкенттегі Шредер университетінің Қокандағы филиалына 3 жыл қатарынан қатынапты. Төртінші жыл дегенде сол жақтағы профессор танысы: «Біздікі жеке сектор. Сен одан да интенсивті бау егіп үйрен. Ол үшін Еуропаға шық» деп кеңес беріпті. Пәрмен аға әлгі интенсивті бау туралы білмекке Сербияға жол тартады. Одан кейін Түркия, Польша, Италия сияқты басқа да біраз елдің агроаймақтарын аралапты. Пәрмен ағамыз бәрінен де сербтердің әдісін ұнатып, сол жақтың көшетін елге әкеліп отырғызыпты.

Бағбанның айтуынша, сербтер интенсивті бау өсіру жағынан көп елдерден көш ілгері көрінеді. Олардың көшетін алсаңыз, бау-бақшаның жылдар бойы жайқалып өседі. Сербтер көшет бір рет егілген жерге екінші қайтара жоламайды екен. Өнімділігі азайып кететінін бір кісідей білсе керек. Ал бізде бір жерден көшет шығара беретін қожалықтар бар. Ең бастысы, көшеттен адаспау қажет.

Енді «интенсивті бау дегеніміз не?» деген сауалға келсек, ол былай. Кеңес кезінде бау аумағында гектарына 450 ланадан артық еге алмайтын. Ал интенсивті бауда 2500-ден 4100 данаға дейін егуге болады. Дәстүрлі баудан он еседей көп. Сондай-ақ бұрынғы бауда бір көшет 7-8 жылдан кейін жеміс беретін. Жеміс алам дегенше адам күтумен-ақ шаршайды. Тұрақты нәтиже бермеген соң бір жылдан кейін-ақ мазасы қашады. Көп адам ары кетсе 3-5 жыл істейді, нәтиже болмаған соң орта жолдан тастап кетеді.

Ал интенсивті бау үшінші жылдан бастап өнім береді. Бесінші жылға келгенде жақсылап күтіп-баптап жіберсе, шығынның 70-80 пайызын ақтап береді. Алтыншы жылы кеткен шығын толық жабылады. Жетінші жылы таза табысқа шығады. Сосын бір келісін 30 теңгеден сатса да бәрібір. Ең бастысы, егіп алу, ары қарай бейнетіне жараса болды. Бір ағаш 30 кг алма береді деп есептесек, 90 тонна жеміс шығады. Онда да ең жақсы сорттарын алғанда. «6+», «7+» деген сияқты өлшемдері болады. Майдасын санамайды.

Жергілікті халықтың арасында «интенсивті бау 2-3 жылда солып қалады екен» деген қате түсінік бар. Солмас үшін бұған да тура балаға қарағандай әлпештеген жөн. Керекті тыйнайтқыш, дәрумендері дұрыс берілсе болды. Жердің, топырақтың сараптамасын жасату қажет. «Топырақтан сынама алып Шымкенттегі топырақтану институтына алып барамыз. Жерімізге не жетпей жатқанын бүге-шігесіне дейін айтып береді», — дейді бағбан-кәсіпкер.

Интенсивті баудың ерекшеліктерін тағы екшей түссек. Еккен адам бастапқы 3 жыл қиналады. Есесіне кейін 30 жыл бойы зейнетін көреді. Инвестициясы сәл қиындау. 4-5 шыбық болады. Жұмыс барысында кемшіліктер де болып тұрады. Бәрінің шешімі — қажырлы еңбек. Бір өнім алғаннан

бассейіннің суымен сұғарады. Бір қарағанда тым үлкен көрінбейтін бассейіннің суы 15 гектар жерге жетеді.

Инфрақұрылымнан бөлек, техника да керек. Кәсіпкер трактор, жүйектерге қада, темір, сым сатып алған. Енді алма ағаштарының үстін жабатын тор алуы керек. Негізі Сербиядан келген көшеттер 35 градус суыққа шыдайды екен. Сонша қаражат жұмсалған қожалықтың өз мұқтаждығы да жетерлік. Жалпы біздегі кәсіпорындардың электр энергиясынан қиналатыны жасырын емес. «Д-Сабыр» шаруа қожалығы әр маусым сайын бір текше метріне 28 теңгеден 300 мыңға дейін төлем төлейді екен. Қаланың басқа шетіндегі Индустриалық аймақта электр энергиясына 11 теңгеден төлейді. «Мемлекет шілдеден бастап күздің ортасына дейін 3-4 ай қарасып жіберсе. Өйткені қазір бізде сатылатын жеміс болмағандықтан, сәйкесінше, табысымыз да жоқ», — дейді Пәрмен Әлдебаев.

Мұнда алманың «Айдаред», «Ред делишес», «Джонаголд», «Глостер» сияқты түрлері бар. Қожалықта құн сайын қара қазан қайнап тұр. 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылса, науқан кезінде жұмысшы саны көбейеді. Алайда сол жалдамалы жұмысшыларды тарту қиындық туғызады екен. «150 мың теңге жақсы төлейміз. Сонда да келмейді», — дейді қожалық иесі.

— Жергілікті тұрғындар тәтті қызыл алманы, солтүстік жақтағылар қышқыл көк алманы жақсы көреді. Әр үйде 1 гектар бауы болса, 60 тоннадай өнім алады. 100 теңгеден сатса, 6 млн теңге табады. Бір жылда бір отбасы 6 млн теңге табыс тапса, керемет қой, — деп Пәрмен ағамыз әр қазақты тым құрығанда есігінің алдына алма өсіруге үндейді. Өзі алғашында «Асар» шағын

ауданындағы 6 сотық саяжайында шағын бау өсірген екен. Қожалықтан қайтар жолда сол саяжайына соқтық. Есік алдындағы интенсивті бау қандай болатынын көргіміз келді. Шағын бауда алма да, алмұрт та, шие де, жиде де, жаңғақ та егіліпті. Алмасы жерге төгіліп жатыр. Біз де ауыз тидік. Иісі аңқып, дәмі тіл үйіреді. Ал көшетін Қытайдан әкелген «Шлан» жидесінің көлемі жаңғақтан да үлкен сияқты. Оны бағбан Күншығыс елінен тәжірибе үшін әдейі алып келіпті.

Пәрмен Әлдебаев «жерге еткен жақсылық жерде қалмайды» деген ұстаныммен өмір сүріп, алма өсірудің қызығы мен шыжығын бір кісідей татқан адам. Сыртқа оңай көрінгенімен, алма өсірушілердің де өзіндік түйткілдері бар. Бұл осы салада мамандарды даярлайтын оқу орнынан басталады. Елдегі бақ шаруашылығындағы инфрақұрылым мен маман жетіспеушілігі — күрмеуі қиын мәселелердің бірі. Сондықтан бізге бұл салада сауат ашу алдыңғы орынға шығуы тиіс. Жыл сайын еліміздегі интенсивті алма бақтарын дамыту үшін инвестиция және оларға кәсіби күтім қажет. Біздегі алма бақ алқаптарының көлемі 34 мың гектардан асады. Бұл көрсеткішті екі есеге ұлғайту үшін сапасы жоғары 3 млн көшет отырғызу керек. Ал оған күнгейдің де, жалпы еліміздің де климаты қолайлы.

Мәлім КЕНЖЕБАЙ

Жасып экономика

Бүгінгі таңда Ақмола облысы баламалы энергетика көздерін дамытуда тәп-тәуір табыстарға қол жеткізуде. Бұл күнде таңсық болудан қалған талпыныс көңінен қанат жайып келеді.

Жел электр стансасының тұңғыш жобасы Ереймен ауданында жүзеге асты. Бұл еліміз бойынша осы бағытта қолға алынған алғашқы жоба болатын. Қазіргі күні облыста баламалы энергия көздерін дамытуда бірнеше жоба жүзеге асырылу үстінде. Ерейменнен бастау алған жақсы жаңалық Целиноград ауданында жалғасын тауып, Аршалы ауданына қарасты Бұлақсай ауылдық округінде де қолға алынған болатын. Стансаның әрқайсысы 50 МВт электр қуатын өндіретін екі бөлігі 2020 жылы толығымен іске қосылуы тиіс.

Жел электр стансасын толық пайдалануға бергенде ауаға парникті газдардың бөлінуі жылына 230 мың тоннаға азаяды екен. Стансаның өзі 10 мыңнан астам отбасының электр қуатына деген қажетін өтеп, оны өндіруге жұмсалатын

ЖЕЛДІҢ КҮШІ «ЖЕЛГЕ ҰШПАЙДЫ»



шығынды бірнеше еселеп азайтуға мүмкіндік береді. Жергілікті мамандардың біліктілігін көтеру шетелде іске асырылды. Кейін жақсы жаңалық Көкшетау қаласының іргесіндегі Краснояр ауылында жалғасын тапты. Жел электр стансасы NEG Mison компаниясының бес генераторынан тұрады. Сөз арасында бұл құрылғылар әлемдегі электрмен жабдықтаушы құрылғылар арасында ең сенімдісі болып есептелетіндігін айта кеткен дәзім. Астанада өткен ЕХРО халықаралық көрмесіне осы үлгілер қойылған болатын. Жел электр стансасы 3,5 МВт қуат өндіре алады. Мәселен, оқырманның көз алдына елестету үшін 12300 тұрғыны бар Краснояр селосына 2 МВт өбден жеткілікті екендігін айта кетелік.

Бөлім басшысы Асхат Жақсыбековтың айтуына қарағанда, жел электр стансасы орналастырылатын орын алдын ала мұқият зерттелген екен. Бұл жерде қыс айларында жел қуаты күшті. Ал жаз айларында сәл-пәл азаюы мүмкін. Бірақ одан ешқандай қауіп жоқ. Өйткені генераторларда желді күндері жинақталатын электр қуатын жинайтын құрылғы бар.

Краснояр селолық округінің әкімі Нұрлан Айсін: «Ең бастысы, халыққа тиімді болуы. Селолық округте әлеуметтік жағынан аз қамтылған көптеген отбасылар бар. Оның үстіне, шағын және орта бизнес өкілдеріне де электр қуатының арзан болғандығы өте тиімді. Бұрын-соңды болмаған жақсы жаңалықтың қалай болған күнде қарапайым халық үшін тиімді болғаны дұрыс қой», — деді.

Стансада электр қуатын өндіретін бес қондырғы жұмыс істеп тұр. Осындай қондырғының жетеуі Балтық жағалауындағы елдерден жеткізілді. Жел электр стансасы даниялық технологиясымен салынған. Қуаты — 3760 кВт. Қарапайым тілмен айтқанда, 1500 үйді электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз етуге қуаметі толық жетеді. Егер жыл соңына дейін тағы да жеті қондырғы іске қосылса, стансаның қуаты еселене артпақ.

Рас, бүгін елімізде электр қуатының тапшылығы жоқ. Сонда жел электр стансасы несімен құнды деген сауал өз-өзінен туындайды емес пе? Бұл тараптағы тамаша табыс — табиғи қуат көзін пайдалану.

Инженер Санат Бибеков: «Баламалы қуат көзін пайдалану, ең алдымен ешкімге тәуелді болмаймыз деген ұғымды білдіреді. Бүгінгі таңда елімізде мұндай қуат көзі өте аз өндіріледі. Жалпы көлемнің 10 пайыз деңгейінде. Алдағы уақытта бұл көлемді кемінде 40 пайызға жеткізсек, біршама табысқа кенелер едік. Красноярда жел электр стансасын орнату арқылы өңірде энергия тапшылығын біртіндеп жою бағытында тын бастама жасалдық. Жыл соңына дейін станса қуатын екі есе арттырып, үш мың үйді баламалы қуат көзімен қамтитын боламыз», — деді.

Жоба жекеменшік инвестиция есебінен жүзеге асырылуында. Бес қондырғының құны 1 миллиард 200 миллион теңге шамасында. Кейін қосылуы көзделген жеті қондырғы 1,5 миллиард теңге тұрады. Жел энергетикасының дамуы жергілікті тұрғындар үшін жақсы жаңалық. Село шетінде орналасу себебі де, мамандардың айтуына қарағанда, белгілі бір талаптарға сәйкес екен. Мәселен, қалақшалардың үздіксіз айналып тұруы тым

қатты болмағанымен, бәрібір дыбыс шығарады. Сондықтан да жел қондырғылары бір-бірімен мұнара биіктігімен салыстырғанда он есе қашықтықта орналасуы тиіс екен. Оның үстіне бұл маңда ешқандай ғимарат, орман болмауға тиісті. Әдетте ашық ландшафтағы төбе, тау жоталарына жел электр стансаларын орнату тиімді болып есептеледі. Краснояр ауылының іргесіндегі жана стансаның қонысы да тым биік болмағанымен, өзге өңірден қыраттау, қоянжонданып жатқан жота іспетті. Жел қондырғысын орнату үшін орын іздеген мамандар осы жерде соғатын желдің орташа жылдамдығын есептеп алып тандаған.

Елімізде жел энергетикасын дамытудың мол мүмкіндігі бар. Мамандардың есептеуіне қарағанда, жылына 1 трлн кВт/сағат көлемінде энергия өндіруге өбден болады екен. Бұл – әлемдегі ең үздік көрсеткіштердің бірі. Ерейментаудағы Golden Energy Corp жауапкершілігі шектеулі серіктестігі де осындай мол мүмкіндікті пайдалана отырып, тиімді жобаны жүзеге асыруда.

Таулы, қыратты Ерейментау өңірі еліміздегі Жонғар қақпасы, Шелек, Қордай тәрізді жел бағыты үнемі ұйытқи соғып, алмасып отыратын дәліздердің бірі. Сол себепті бұл жерде жел энергетикасын өндіру әлеуеті өте жоғары. Түптің түбінде жел энергиясы балама энергия көздерінің арасында

белсенді бәсекеге түсетіндей болуы керек. Қазіргі талпыныс осы бағыттағы қолға алынып отырған алапат шаруалардың алғашқы қарлығаштары десек те болар.

Жел энергиясын арнайы электр генераторларының көмегімен түрлендіру арқылы қуат көзін алған кезде шикізатты сатып алу — тасымалдаудың, қалдықтарды шығарудың қажеттілігі болмай қалады. Сол сәтте электр қуатын беруші компаниялардан дербестікке қол жеткізіледі және бір артықшылығы, экологияны ластайтын қалдықтардан арылып, табиғи ресурстар үнемделеді. Елге де өте пайдалы. Мәселен, отын электр қуатының шығындары біршама қысқармақ. Тағы бір тиімді жері, атмосфералық жылулық балансқа ешқандай әсер етпейді, оның үстіне табиғаттың оттегі қорын сақтайды.

Дәл осы өңірде алғашқы жел электр стансасы 2011 жылы пайдалануға беріліп, 45 МВт энергия қуатын өндіре бастағанын айта кетуіміз керек шығар. Бұл Қазақстандағы ең алғашқы өнеркәсіп деңгейіндегі алғашқы қуат көздерінің бірі болғандығын да еске алсақ артық болмас. Аталмыш станса 2019 жылы құны 3,9 млрд теңге тұратын 169947340 кВт электр қуатын өндірілді. 2020 жылдың сәуір айына дейін құны 327,1 миллион теңгеге бағаланатын 14422000 кВт электр қуатын өндіріп, халықтың қадесіне жаратты. Ал Ерейменнің етегіндегі ел, міне, осындай жақсылықтың шарапатын бірнеше жылдан бері көріп келеді. Кейін қатарға қосылған Golden Energy Corp жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұрынғы қуатқа үстемелеп үлес қоспақ. Жел электр стансасының қуаты 30 МВт. Жоба құны 5,6 миллиард теңгені құрайды. Әзірге құрылыс жұмыстарының алғашқы кезеңі аяқталып, үш турбина қатарға қосылған. Екінші кезеңде 25 МВт қуат өндіретін 14 турбина іске қосылмақ. Сол кезде 12 жұмыс орны ашылады.

Ereumentau Wind Power жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жел электр стансасы жалпы қуаты 4,8 МВт болатын 11 турбинаның құрылысын жүргізуде. Қазіргі кезде құрылыс-монтаж жұмыстары өрмек жүзінен ауды. Үстіміздегі жылдың екінші тоқсанында басталған құрылыс жұмыстары 2021 жылы толық аяқталады. Стансаның құрылысына 160 адам тартылған. Толық пайдалануға берілген кезде тұрақты 8 жұмыс орны ашылады. Өңірге құйылған инвестиция құны 26,6 миллиард теңгені құрайды.

Жел электр стансасы жылына 180 миллион кВт энергия өндіруді көздеп отыр. Пайдалануға берілгеннен кейін өңірді электр энергиясымен тұрақты қамтамасыз етудің сенімді көзі болмақ, әрі қала бюджетін толтыруға игі әсерін тигізбек. Аз да болса жұмыс орындары ашылып, аудандағы жұмыссыздықты жоюға сеітпін тигізбек.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

Тағзым

Биыл белгілі қаламгер, этнограф, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Зейнолла Сәніктің туғанына 85 жыл. Қалың қазаққа мол рухани мұра қалдырған жазушының еңбектері түрлі тақырыптағы зерттеулерге арқау болуда. Зейнолла Сәнік еңбектерін зерттеп-зерделеу мен ғылыми айналымға енгізу бағытындағы тағылымды іс-шаралар жалғасын табуда. Қаламгердің өнегелі өмірі мен шығармашылығы жайында замандастарының айтары мол, солардың бір парасын назарларыңызға ұсынамыз.



ӨШПЕЙТҰҒЫН АРТЫНА ІЗ ҚАЛДЫРДЫ



Сейіт ҚАСҚАБАСОВ, АКАДЕМИК, ФOLЬКЛОРШЫ-ҒАЛЫМ:

Мен Зекеңмен кештеу таныстым. Десе де, шыққан кітаптары мен мақалаларын оқып жүрмін. Зекең болса Қытайда үлкен бағаға ие болған жазушы, ғалым. Баспагер, жазушы бола жүріп, ғылыммен де айналысқан. Ғылым

болғанда да партиялық не саяси тұрғыдан емес, таза ғылыми жұмыспен айналысқан. Қазақтың ең үлкен байлығы — фольклор. Соның мәйегін жинаған. Қабанбай жайында да көп материал жинапты.

Ең ғажабы, Кеңес үкіметі кезінде көп дүние зерттеліп шықты ғой. Ал Зейнолла ағаның кітаптары сол көп дүниеге жанадан қосылып, байыта түсті. Әсіресе, салт-дәстүрімізге, емшілікке, фольклорымызға қатысты тың дүниелерді қосты. Зейнолла ағамыздың еңбектерінде ойдым-ойдым пікірлер, дерек пен дәйек бар, соны пайдалануымыз керек деп ойлаймын. З.Сәніктің еңбектері бізге табылмас үлкен олжа деп санаймын. Ол кісі Қытайдағы казактар ішінде көпке көрінген, мемлекет мойындаған тұлға. Миллиард халқы бар Қытайды мойындату үшін қаншалықты еңбектену керек екені белгілі. Міне, осы тұрғыдан қарағанда Зекең адал еңбектің адамы, еңбекшіл әрі таза болған. Ағаның жары Шәмшабану Хамзақызы да ағаға жақсы көмекші болған ұстаз, филолог әрі акын. Осындай бір құтты, шығармашыл отбасы. Сол құтты отбасының осында келіп тұрақтауы — біз үшін үлкен олжа деп ойлаймын. Көбіне шетелдегі казактардың материалдары шықпай жатады, ал Зейнолла ағаның шығармалары барынша жарық көрді. 15 томдық еңбегі шықты. Бұл айтарға оңай, бірақ үлкен қажыр-қайраттың жемісі.



Нұрлан ОРАЗАЛИН, АҚЫН, МЕМЛЕКЕТІК СЫЛЫҚТЫҢ ИЕГЕРІ:

Арғы бетте қалған ағайындарымыздың саны екі миллионнан асып жығылса, соның ішіндегі қолына қалам ұстаған, елдің қуанышы мен қайғысын, қасіретін ой-санасы арқылы өткізген санаулы әріптестеріміздің арасында Зейнолла Сәнік деген

ақсақалдың орны ерекше, бөлектеу. Зекең — шекараның арғы-бергі бетінде жүрген казактар аса қадірлейтін, құрметімізге бөленген әріптес қаламдасымыз ретінде бізбен табысқан болатын.

Зейнолла Сәнік — тарихи сұлбасы анық, тамыры берік шығармаларды дүниеге әкелді. Өте сауатты, ғылыми негіздемелері

мықты шығармалар жазды. Қабанбай туралы да ерекше көзқарасы бар. Зекеңнің еңбекқорлығы, табандылығы, әсіресе, ғылыми талдауларды танымдық сипатқа, халықтық қажеттілік деңгейге көтере отырып жазуы — «Қазақ этнографиясы» еңбегінен көрініс табады.

Мен Зейнолла Сәніктің «Қазақ этнографиясы» еңбегін бастан-аяқ оқып шығып, алғысөз жазғам. Онда арғы терең дәуірлерден, біздің эрамызға дейінгі кезеңдерден бастап, нақты мысал келтіре отырып жазыпты. Өйткені ұлттың болмысын бекітетін ұғымдарды тамырын тереңнен тарта отырып зерттеген. «Қазақ этнографиясы» — тарихи санамыздың қалыптасуы мен өзгеріп, түрленуіне ықпал етер бірден-бір қуатты рухани күш. Әрі-беріден соң бұл — ұлттың ойлау, пайымдау қабілетінің орасан кендігі мен ересен тереңдігін танытар, дүниелік құбылыстардың күнгейлі, көлеңкелі сипаттарын екішеуге, саралауға мүмкіндік берер өмір сүру салтымыз бен дүниетану қалпымыздың көрінісі, айшықты нышаны. Сондықтан, кез келген ұлтжанды азамат Зейнолла Сәнік секілді ақсақалдарымыздың өмірін білгеннен, ол кісінің шығармаларын танығаннан байымаса, кедей болмайды.

Зейнеп АХМЕТОВА, жазушы-этнограф:



Зейнолла ағамыздың бір ғажап қасиеті — баяу үнмен биязы сөйлейтін, сол кезде сені еріксіз өзіне тартып әкететін. Ол кісіні тыңдай бергін келетін. Әсіресе, «Қазақ этнографиясы» деген кітабын мектептерде, жазғары оқу орындарында оқулық, үлкен құрал ретінде пайдаланса, нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймын.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ, жазушы-ғалым:

Әдебиетте қашанда дәнекерлі тұлғалар болады. Ол үлкен тақырыптар мен жанаша ойлау жүйесін, бір ғасыр мен екінші ғасырдың, бір мәдениет пен екінші мәдениеттің, бір шығармашылық бағыт пен екінші шығармашылық бағыттың арасын жалғастырып жүргенде үлкен арнаға, халықтық танымға айналады. Зейнолла Сәнікті қазақ әдебиетіндегі сондай дәнекерлі тұлға деп есептеймін. Өйткені Тәуелсіздіктің таны ататын кезде, бүкіл халықтың санасын тарихи ойлау жүйесіне қарай бұрып және оны нақтыландыру бағытында жана тыныс әкелген, шағын да болса шағымды шығарманың бірі — Зейнолла Сәніктің Каракерей Қабанбай, Сүлеймен би және т.б. тарихи тұлғалар жайлы жазған еңбектері болып табылады. Сол шығармалардың

|||||

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

|||||

нәтижесінде, жалпы қауым арасында Қабанбай батырдың 300 жылдығын тойлау туралы халықтық қозғалыс басталды. Бұл ілешала өзіміздің еліктеуші, екпіндеуші ұлттық мінезімізге байланысты қолдау тапты, ол екпін осы күнге дейін басылған жоқ. Егер1989-1990 жылдары Зейнолла Сәніктің тарихи шығармалары бізде басылмаса, онда 1991 жылдан кейін қайтадан бұл мәселені толға қойып, орындалғанша 2-3 жыл уақыт өтер еді. Бұл ұлттық сананы өзгерту кезінде және Тәуелсіздікті алған кезінде де елдің бір орында бұлығып, шыр айналып, иірімделіп, қашан жол тапқанша тұрып қалуына алып келер еді. Сондықтан да, тарихи ойлауымызды ерте қамдандырып, Шығыс Түркістанда қалған біздің мұрағаттарымызды, ойларымызды, тарихи тұлғаларымызды, анау Алаштан сүзіліп келе жатқан идеяларымыздың алғашқы ұшқынын берген және от боп қаулауына мүмкіндік берген дәнекерлі тұлғаның бірі — Зейнолла Сәнік. Мұндай тарихи сабақтастықтар, дәнекерліктер кез келген тұлғаның қолынан келе бермейді. Өзінің табанды, мақсатты іскерлігі мен пайымдылығының арқасында осындай үлкен іске мұрындық болды. Қазір бұл идеяның авторлары көп, бірақ барлығының түбін қузап келсең, 1989-90 жылдары Зейнолла Сәніктің Каракерей Қабанбай туралы жазған еңбегіне барып тіреледі. Әрине, оған дейін

Тұрсын ЖҰРТБАЙ



де Есенберлин бастаған ұлттың рухани көсемдері із қалаған, соның жалғасы болды. Бізде мүлдем басқа әлем болып кеткен, «қытай», «қытайдың рухани дүниесі», «қытай казактары», «қытайлар» деп қарайтын көзқарасқа өзінің еңбектері арқылы өзгеріс әкелді. Олар туралы хабарлар берді. Осы Зейнолла Сәніктің кейін өзге жазушылардың шығармалары Қазақстанға танылды, онда да Алаш ұранды ел-жұрт бар екендігін, олардың қытайланып кетпегендігін, олардың қазақтың рухын, Алаштың идеясын сақтап қалғандығын, олардың осы қазақ идеясы үшін, Қазақстанға деген құрметі үшін тартқан азап-ғазаптарын жеткізді. 1990 жылдардан кейін, оның өзінде, жазушы Сұлтан Жанболат келіп кеткеннен кейінгі халықаралық келісімдерден соң бұл мәселе өз ыркын тапты. Қазір ол біздің өкпеміздегі үлкен тыныс беретін ұлттық күшке, жана серпінге айналды.

Біз Шығыс Түркістандағы, сол арқылы Түркияда, Германияда, Баянөлгейде, шетелде жүрген казактарды өзіміздің рухани құрамдас біртұтас бөліміміз екенін сезіндік. Бұрынғы біз алға кетіп, олар артта қалғандай, Кеңес үкіметін сатып кеткен сатқындар ретінде қаралатын көзқарасқа үлкен өзгеріс әкелді. Егер осы бір идеялар басталып кетпегенде, оған Зейнолла Сәнік, Сұлтан Жанболат, Оразанбай Егеубай, т.б. толып жатқан қайраткерлеріміздің бастаушы ісі болмаса, бізге Шығыс Түркістан әлемі, ондағы казактар, Түркиядағы, Баянөлгейдегі казактардың рухани әлемі ашылмас еді. Міне, осы жолда Зейнолла Сәнік бізге өзінің тұрақты айнымайтын тоқ өткізгіш сияқты дәнекерлік сипатын білдірді деп ойлаймын.

Әлі есімде, 1988 жылы «Жұлдыз» журналына «Көне қытай деректеріндегі қазаққа қатысты казактекті, түркітекті ақындардың шығармашылығы» туралы үлкен мақалам шықты. Біз сол бағыттағы мәліметтерді талдай отырып, арада 15-20 жыл өткен соң «түрік, көне қытай қолжазбаларындағы түркітекес ақындар» деген 71 ақынның шығармасын тауып, жеке жинақ етіп шығардық. Міне, мұның өзі осы Зейнолла Сәнік, Нығымет Мынжани, Сұлтан Жанболат, Ақыт, Оразанбай Егеубай, Омарғазы Айтанұлы, Қажығұмар Шабданұлы және тағы басқалардың ықыпалы болды. Бұл біздің тарихи ойлау жүйемізге, сыни ойлау жүйемізге, әдебиетімізге жанаша бағыт әкелді. Қазіргі әдебиеттанушылардың біразы сол бастаулардан негіз алған. Мұның өзі де бір адамның ғұмыры үшін үлкен баға беретін қызмет. Сондықтан да, Зейнолла Сәніктің еңбегі — қазақ руханиятына талмалы тұста, талып жатқан кезде қан ұйғандай леп әкелді деп есептеймін.

Дүкен МӘСІМХАН, филология ғылымдарының докторы, профессор:



Қытайдағы солшыл саяси ғуындардың дауылына ұшырап, үсігіне ұрынып, жер аударылған, түрмеге тоғытылғандардың ішінде сол кездегі жас талант — Зейнолла Мүбәрәқұлы бар еді. 1978 жылы ақпалы келгендердің ішінде де Зейнолла Сәнік ағамыз бар болатын. Міне, осы буын өзінің сүйікті кәсібіне, негізгі жұмыс орындарына қайтып оралғаннан кейін уақытқа жіберген есесін еселеп қайтару үшін барлығы білек сыбана шығармашылықпен айналысты. Өйткені ұлт рухани жұтандап, жалпы мәдени, рухани байлықтың кетеуі кетіп бара жатқан болатын. Осыны сезінген сол кездегі қаламгерлер барлық салаға білегін түре бел буып кірісіп кетті. Солардың басында осы Зейнолла Сәнік ағамыз да болды. Ол кісінің қажырлы еңбегінің, таланттының арқасында Шыңжаңдағы казактардың 1980 жылдардың басындағы тұтас тарихы, шежіресі, өзге де мәдени мұралары толық жиналды, зерттелді. Осындай жинау, зерттеу жұмыстарының басы-қасында Зейнолла Сәнік ағамыз жүрді. Жалпы Зейнолла Мүбәрәқұлы қазақ руханиятына олжа салған аса талантты қаламгер. Ол кісінің еңбектерін тарих-этнография саласы бойынша да, әдеби шығармашылық, әдеби аударма, ғылыми аударма, баспагерлік саласы бойынша да жіңіктеп қарастыруға болады. Осы салалардың бәрінде жай ғана тиіп-қашып емес, үлкен-үлкен, ауқымды-ауқымды жұмыс тындырды. Әдеби шығармашылығына келетін болсақ, «Баспай» бастаған романдар циклын өмірге әкелді. Тарихи-этнографиялық зерттеулерінің өзінде де бүкіл қазақ тарихындағы ақтандарды толтырарлықтай өте әзекті тақырыптарды, Қабанбайдың тарихы, Қабанбайдың шежіресі секілді өте көкейкесті, ақтандық тақырыптарға қалам тартып, солардың толығына бір институттың атқаратын жұмысын тындырды. Ал енді әдеби аударма бойынша да, арғы дәуірдегі классик ақындарына бастап, қытайдың көзі тірі ейіглі қаламгерлеріне дейінгілерінің таңдаулы шығармаларын аударып, қазақ оқырмандарына ұсынып отырды. Әсіресе, Зейнолла Сәнік түркі текті, яғни тегі түркі, бірақ шығармаларын қытай тілінде жазған түркі ақындарының өмірі мен шығармашылығын түгендеуде өте елеулі еңбек етті. Баспагерлік салада да «Шыңжаң халық баспасы», «Шыңжаң жастар-өрендер баспасы» деген баспалардың қалыптасып, дамуына да өзінің тұтас, саналы ғұмырын арнады.

Қысқасы, Зейнолла Сәнік феномені — қазақ руханиятындағы рухани жарық сәулесін ұрпақтар санасына мәңгі шашып тұратын, өшпейтін, солмайтын нұрлы сәуле деуге болады.

Айгүл КЕМЕЛБАЕВА, СЫНШЫ:



Арғыны айтпағанда, бертіңгі заманда этнография саласына мағыналы өмірін арнаған ғалымдар шоғыры толығы түсті. Тарихи отанына әр жылдары оралған оқымысты казактардың арасында этнология бойынша қоржыны толық, ғасырлар шеруінде, аласапыран замандарда өз ұлтының жоғалтқан асылын іздеушілердің ішінде Жағда Бабылқұлы мен Зейнолла Сәнік есімі дара тұрды.

Зейнолла Сәнік «Ел іші — алтын қазына» дей келе, «Ел аралап, білім жиған адам егінші сияқты ғой. Кейбіреулер сол егіннің бабын тауып, мол өнім алады. Ал енді біреулер сол бапты таба алмай, тапса да ұқсата алмай, жарытып ештеңе ала алмайды немесе құралақан қалады. ...Өйткені халық — ұстаз, біз — шәкерт», — деп жазғаны *(Зейнолла Сәнік. «Қаракерей Қабанбай. Хан батыр Қабанбай», 4 том, 281 бет)* автордың елдік мұрат жолында тер төккен азаматтық кесек қасиетін айғақтай түседі. Ұлттың бастау-тұнығы бір, оның бір атауы — этнография, елдік дәстүрлі категориялар жүйесі. Әдебиет пен ғылымда бір керуенге жүк боларлық қазына қалдырған жазушының аты өлмек емес. Кейінгі ұрпақ қалай десе де мұқият құнтталып, тасқа басылған, жарық көрген рухани қазынаны әр дәуірде өз қажетіне жарата бермек.

Дайындаған Жаркын СӘЛЕНҰЛЫ



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

AINA

www.jasqazaq.kz



Елордалық тұрғын Әсет Ақанұлының өнері ерекше. Ол қарбыз-қауыннан небір бұйым жасайды. Бұл ғажап іс оның хоббиіне айналды.

Ол: «Мамандығым құрылысшы, осы салада еңбек етіп келемін. Ағаштан, ермексаздан енді, міне, қауын-қарбыздан түрлі бұйымдар жасау — менің сүйікті ісім. Бос уақытымда айналысатын хоббиім. Негізінен жеуге жарамайтын қарбызды пайдаланамын. Көбінесе жануарлар немесе гүлдерді ойып жасаймын», — дейді.

Тансық істі қолға алғанына бір-ақ жыл өтсе де, нәтижесі бар.

«Мен жұмысты барымды салып жасаймын. Осы ермегім өзіме өте ұнайды, қандай да бір нәтижеге қол жеткізетінім де содан шыға», — дейді мүсінші.



Әсеттің айтуынша, бұл үлкен еңбекті талап етеді. Өйткені саз, ермексаз, тасқа қарағанда, қарбыз бен қауынның қабығымен жұмыс істеу тәсілі де өзгеше. Ол: «Демалыс күндері айналыссам, бір күн уақытым кетеді. Ал аптаның ішінде кірісsem, бір жетіде бітіремін. Жасалу технологиясына тоқталсам, алдымен ішіндегі жұмсағын кесіп аламын. Одан тұқымдарын алып тастаймын. Содан соң шырынын сығып алып, жұмысқа кірісемін», — деп түсіндірді.

Мүсінші жігіттің ермегі қосымша табыс көзіне айналуы да мүмкін. Өйткені оның қолынан шыққан бұйымдарға қызығушылық танытқандар көп. Бір танысы Әсетке қауыннан кеме жасап беруін сұрайды. Ақысын да төлейді. Сөйтіп тұрмысқа шыққан жиеніне әдемі әрі ерекше сыйлық жасапты.

Мүсінші жігіт алдағы уақытта алма, апельсин, грейпфрут сынды жемістерден де мүсін жасап көрмек.



Қарбыздан мүсін жасайды



Макпал
НОҒАЙБАЕВА




Жазылмаған дала заңына бағынған қазақ ру, ел арасындағы қарым-қатынаста сөз саптауға ерекше мән берген. Айтар ойын екшелеп, әр сөзді орнымен қолдана білген.

«Айналайын» сөзінің түп-тамыры көне түркі дәуірінен бастау алады. Кәрі кісілер дертке шалдыққан жастарды аман алып қалу үшін, өздерін құрбандыққа атап, ауру адамды киіз үйдің ортасына жатқызып, карт кісі үш рет айналып, есікке келгенде «айналайын» деп дауыстаған екен. Сонымен қатар «сенің жолыңда менің жаным құрбан» немесе «саған келген пәле маған болсын» деген ұғымды да тарихта кездестіруге болады.

«Шырағым». Қазақта бірқатар сөздерді қаратпа сөз ретінде қолданған. Соның бірі — анасының көбіне ұлына қаратып айтатын «шырағым» сөзі. Ол ер бала — болашақта үй иесі, шамшырағы, ошақтың отын сөндірмей, ұрпақ жалғасын табатын отбасының шырағы деген ұғымнан туған.

Бірақ «шырағымды» ыңғайына қарай қаратпа сөз ретінде де қолдана береді. Мысалы: — Ал, шырағым, жақындай бере аттан неге түстіңдер? — дейді Төле би

Сөз мәйегі



қызға (Билер сөзі). Сонымен қатар «шырақ» деген жанама атауды келіндер қайыңдарына да қойған.

«Қарындас». Бүгінде «қарындас» сөзі өзінің түпкілікті мағынасында қолданылмайды. Түркі жазбаларында түпкі мағынасы «жалпы туысқан, жақын рулас адам» дегенді білдірген.

Асан қайғының «Ол күнде қарындастан қайырым кетер» дегенінде де, Шалкиіздің «Жайынды білген қарындас, Ол қарындас хәм жолдас» дегенінде де бұл сөз әйел жынысты адам туралы емес, руластар жайындағы ойды білдіреді.

Қуат МҰХАМЕТЖАНОВ



МҰҚИС
МҰҚИС



АЙРАНЫҢ ДА ТІРІСІ
БОЛАДЫ ЕКЕН...

Сатып алғаным — тірі айран. Өндіруші қай жак деп сұрап едім, Жамбыл деген жауап алдым. Ендеше, халайық, «тірі айран» алуға біздің магазинге келіңіздер. Өлісін орыс ертегілерінен іздерсіздер.

Фото: Филология ғылымдарының докторы, профессор Кәкен Қамзиннің facebook парақшасынан алынды.



МҰНДАЙ МЕМЛЕКЕТТІ
ЕСТІП ПЕ ЕДІНІЗ?



Дәрілік өсімдік

Ашық құндызшөп
Ашық құндызшөп (*Pulsatilla patens*) — ерте көктемде жапырақтары

жайылғанға дейін гүлдеп үлгеретін, көп жылдық, сарғалдақтар тұқымдасы құндызшөп туысына жататын шөп тектес өсімдік. Тамыры қоңыр түсті, тік өседі. Сабағы 45 сантиметрге дейін жетеді. Өн бойында жібек сықылды жұмсақ түктері, сабағының ортасына таман сабақты қоршай орналасқан бір топ тілімделген жапырақтары бар. Гүлдері жеке-жеке орналасқан. Сәуір, мамыр айларында гүлдейді. Ормандардың, бұталардың арасында, ашық жерлерде өседі. Ашық құндызшөпті орыс тілінде «ұйқы шөбі» (*сон трава*) деп те атайды. Ол халық арасында «ашық құндызшөптің тамырын жалаған жануарлар ұйқыға кетеді-мыс» деген ұғымға байланысты болса керек. Кейде мұны сыртқы ұқсастығына қарап «жабайы қызғалдақ» деп те атайды. Өсімдіктің құрамында протоанемин, анемонин, сапониндер бар.

Дәрілік мақсатқа өсімдіктің жерге түскен бөлігін пайдаланады. Ашық құндызшөптің тұнбасы түрлі микробтар мен зенді (*грибок*) жояды. Сондай-ақ туберкулез, жөтел, тыныс жолдарының қабынуын, әйелдердің жыныстық ауруларын емдеу үшін қолданылады. Ревматизмге ұшырағанда буындарды осы өсімдіктің спиртті ерітінділерін жағып емдейді.

Дереккөзі: Әбіш ІСКЕНДІРОВ, «Қазақстанның дәрілік өсімдіктері»

БАСПАСӨЗ – 2020

JAS QAZAQ газетін
оқи жүріңіздер!

Жазылу еліміздің кез келген
«Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі
65032

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32



Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімі

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПМК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2224
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Ait-Astana» әуежайының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VRY00020470 куәлігін алды.
Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.